


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(9)2025



ӘОЖ 7.033.3...8

ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІ МЕН ТАЙҚАЗАН ЖАЗУЛАРЫНДАҒЫ МОРАЛЬ МЕН ЭТИКА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НАУРЫЗ ФИЛОСОФИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ә.С. Моллақанағат

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен «Тайқазан» эпиграфикасындағы моральдық-этикалық ұстанымдар талданып, олардың өзара сабақтастығы қарастырылады. Ясауи мұрасы түркі-мұсылман өркениетінің рухани-этикалық негізін қалыптастырып, адамның ішкі кемелденуін, әділеттілік пен ізгілікті насихаттайды. Ал «Тайқазан» эпиграфикалық жазуларында исламдық құндылықтар мен қоғамдағы этикалық нормалар көрініс тапқан. Мақалада осы екі мәдени-рухани мұрадағы ортақ аксиологиялық қағидалар анықталып, олардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлі сарапталады. Сондай-ақ, Ясауи ілімінің қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығы мен оның этикалық нормаларының бүгінгі заман талаптарымен қаншалықты үйлесетіні зерделенеді. Сонымен қатар, мақалада «Наурыз» мерекесі мен Ясауи хикметтері және Тайқазан жазулары арасындағы байланыс қарастырылады. Наурыз – бірлік, татулық, жомарттық, рухани жаңару сияқты құндылықтарды дәріптейтін мереке. Бұл ұстанымдар Ясауи ілімі мен «Тайқазан» эпиграфикасында да көрініс тапқан. Ясауи мұрасындағы рухани тазару, қайырымдылық, сабыр мен шынайылық қағидалары «Наурыз» мерекесінің мәнімен үйлеседі. Қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуда Ясауи хикметтері мен «Тайқазан» эпиграфикасының маңызы зор. Бұл мұралар әділеттілік, адалдық, мейірімділік, рухани тазалық сияқты қағидаларды дәріштеп, жастар тәрбиесі мен этикалық білім беруде маңызды рөл атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеуде Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен «Тайқазан» эпиграфикасындағы моральдық-этикалық қағидалардың сабақтастығы қарастырылады. Жұмыста тарихи-филологиялық, эпиграфикалық, компаративистикалық, контент-талдау, аксиологиялық және семиотикалық әдістер қолданылды. Зерттеу материалдары: Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикмет еңбегі, Тайқазан эпиграфикалық жазулары, Түркі-ислам мәдениетіне қатысты ғылыми еңбектер, Сопылық поэзия мен этикаға арналған академиялық зерттеулер, Бұл әдістер арқылы хикметтер мен «Тайқазан» жазуларындағы моральдық-этикалық қағидалар анықталып, олардың қазақ мәдениеті мен қазіргі қоғамдағы маңызы зерделенді.

Тірек сөздер. Қожа Ахмет Ясауи, Диуани Хикмет, рухани кемелдену, шынайылық және адалдық, исламдық ахлақ, түркілік мәдениет.

Сілтеме жасау үшін: Моллақанағат Ә.С. Ясауи Хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы мораль мен этика және олардың Наурыз философиясымен байланысы // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 88-94 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.10

МОРАЛЬ И ЭТИКА В ХИКМЕТАХ ЯСАУИ И НАДПИСЯХ НА ТАЙКАЗАНА И ИХ СВЯЗЬ С ФИЛОСОФИЕЙ НАУРЫЗА

А.С. Моллақанағат

Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» (Казахстан)

Аннотация. В статье анализируются морально-этические принципы в мудрости Ходжи Ахмета Яссави и эпиграфике «Тайказана», а также рассматривается их взаимосвязь. Наследие Яссави легло в основу духовной и этической основы тюрко-мусульманской цивилизации, способствует внутреннему совершенству человека,

справедливости и добру. Эпиграфические надписи «Тайказана» отражают исламские ценности и этические нормы в обществе. В статье выявляются общие аксиологические принципы в этих двух культурных и духовных наследиях, анализируется их социокультурная роль в обществе. В статье также рассматривается значение учения Яссауи в современном казахском обществе и то, насколько его этические нормы соответствуют современным требованиям. Кроме того, в статье рассматривается связь праздника «Наурыз» с мудростью Ясави и надписями «Тайказана». Наурыз - праздник, прославляющий такие ценности, как единство, мир, щедрость и духовное обновление. Эти принципы также отражены в учении Ясави и эпиграфике «Тайказан»а. Принципы духовного очищения, милосердия, терпения и искренности в наследии Ясави созвучны сути праздника «Наурыз». Мудрость Ясави и эпиграфика «Тайказана» имеют большое значение в возрождении духовных и нравственных ценностей в современном обществе. Эти наследия играют важную роль в воспитании и этическом образовании молодежи, пропагандируя такие принципы, как справедливость, честность, доброта и духовная чистота.

Материалы и методы исследования. В данном исследовании рассматривается преемственность морально-этических принципов в мудрости Ходжи Ахмета Ясави и эпиграфике «Тайказана». В работе использованы историко-филологический, эпиграфический, сравнительный, контент-аналитический, аксиологический и семиотический методы. Материалы исследования: труд Ходжи Ахмета Ясави «Дивани Хикмет», эпиграфические надписи «Тайказана», научные труды, связанные с тюрко-исламской культурой, академические исследования по суфийской поэзии и этике. С помощью этих методов были выявлены морально-этические принципы в хикметах и тайказанских надписях, изучено их значение в казахской культуре и современном обществе.

Ключевые слова: Ходжа Ахмед Ясави, Дивани Хикмет, духовное совершенство, искренность и честность, исламская мораль, тюркская культура.

Для цитирования: Моллаканат А.С. Мораль и этика в Хикметах Ясауи и надписях на Тайказане и их связь с философией Наурыза // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 88-94. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.10

MORALITY AND ETHICS IN YASAWI'S HIKMETS AND THE INSCRIPTIONS ON THE TAYQAZAN AND THEIR CONNECTION WITH THE PHILOSOPHY OF NOWRUZ

A.S. Mollakanagat

National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan"
(Kazakhstan)

Abstract. The article analyzes the moral and ethical principles in the wisdom of Khoja Ahmed Yasawi and the epigraphy of "Taikazan", and considers their relationship. The legacy of Yasawi constitutes the spiritual and ethical basis of the Turkic-Muslim civilization, promoting the inner perfection of man, justice and goodness. The epigraphic inscriptions of "Taikazan" reflect Islamic values and ethical norms in society. The article identifies common axiological principles in these two cultural and spiritual legacies, analyzes their socio-cultural role in society. The article also considers the significance of Yasawi's teachings in modern Kazakh society and the extent to which his ethical standards meet modern requirements. In addition, the article considers the relationship of the "Nauryz" holiday with the wisdom of Yasawi and the inscriptions of "Taikazan". Nauryz is a holiday glorifying such values as unity, peace, generosity and spiritual renewal. These principles are also reflected in the teachings of Yasawi and the

epigraphy of "Taikazan". The principles of spiritual purification, mercy, patience and sincerity in the heritage of Yasawi are consonant with the essence of the holiday "Nauryz". The wisdom of Yasawi and the epigraphy of "Taikazan" are of great importance in the revival of spiritual and moral values in modern society. These legacies play an important role in the upbringing and ethical education of youth, promoting such principles as justice, honesty, kindness and spiritual purity.

Materials and research methods. This study examines the continuity of moral and ethical principles in the wisdom of Khoja Ahmed Yasawi and the epigraphy of "Taikazan". The work uses historical-philological, epigraphic, comparative, content-analytical, axiological and semiotic methods. Research materials: the work of Khoja Ahmed Yasawi "Divani Hikmet", epigraphic inscriptions of "Taikazan", scientific works related to the Turkic-Islamic culture, academic research on Sufi poetry and ethics. With the help of these methods, moral and ethical principles in the hikmats and "Taikazan" inscriptions were identified, their significance in Kazakh culture and modern society was studied.

Keywords: Khoja Ahmed Yasawi, Divani Hikmet, spiritual perfection, sincerity and honesty, Islamic morality, Turkic culture.

For citation: Mollakanagat A.S. Morality and ethics in Yasawi's Hikmets and the inscriptions on the Tayqazan and their connection with the philosophy of Nowruz // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 88-94. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.10

Кіріспе. Қожа Ахмет Ясауи сияқты ірі тұлғаның өмірі, туып-өскен, тәлім-тәрбие алған ортасы, ислам діні тарихындағы орны, сол діннің уағыздары арқылы білдірген идеологиясы танымдық та, ғылыми да тұрғыдан кеңінен сөз болып келеді. Бұл жөнінде том-том еңбектер, құнды-құнды мақала-очерктер жазылды, жазылып та жатыр [Сыздықова, 2014: 6]. Қазақ руханияты мен мәдениетінде Қожа Ахмет Ясауи мұрасының орны ерекше. Оның «Диуани Хикмет» еңбегі түркілік сопылық дүниетанымның қалыптасуына ықпал етіп, қоғамның моральдық-этикалық негіздерін айқындады. Ясауи ілімі адамның ішкі кемелденуін, рухани тазаруын және әділеттілік пен ізгілікті басты құндылықтар ретінде ұстануды насихаттады. Бұл еңбекте берілген даналық сөздер түркі-мұсылман өркениетінің аксиологиялық жүйесін айқындап, этикалық парадигманың қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар, Ясауи дәуіріндегі маңызды мәдени мұралардың бірі – Тайқазан. Бұл жәдігердің сыртындағы эпиграфикалық жазулар мен ою-өрнектер исламдық құндылықтар мен адамгершілік қағидаларын бейнелейді. Тайқазан тек материалдық мәдениеттің үлгісі ғана емес, символдық мәнге ие сакральды артефакт ретінде де қарастырылады. Оның безендірілуіндегі каллиграфиялық өрнектер мен араб-парсы жазулары сол кезеңдегі рухани-идеялық ұстанымдарды бейнелейді және қоғамдағы этикалық нормалар мен моральдық құндылықтардың айнасы ретінде қызмет етеді.

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тайқазан эпиграфикасындағы моральдық-этикалық ұстанымдар талданып, олардың өзара сабақтастығы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – осы екі мәдени-рухани мұрадағы ортақ аксиологиялық қағидаларды анықтау, олардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлін сараптау және заманауи құндылықтармен үндестігін бағамдау. Сонымен қатар, Ясауи ілімінің қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын айқындап, оның этикалық нормаларының бүгінгі заман талаптарымен қаншалықты үйлесетінін зерделеу.

Нәтижелер және талқылау. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі мораль мен этика. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері түркі-мұсылман өркениетіндегі моральдық-этикалық қағидалардың көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. Оның сопылық поэзиясы – адамның ішкі жан дүниесін кемелдендіруге, рухани тазару арқылы қоғамдағы моральдық нормаларды сақтауға бағытталған. Ясауи ілімінде адамгершілік, әділеттілік, сабырлылық, шынайылық және жан-дүниенің жетілуі басты құндылықтар ретінде насихатталады. Бұл

қағидалар ахлақ философиясы, сопылық этика, аксологиялық концепциялар аясында қарастырылады.

Хикметтер – исламдық мистицизмнің негізгі компоненттерін қамтитын, дін мен дүниенің, рухани жетілу мен адамгершіліктің өзара үйлесімін сипаттайтын моральдық-дидактикалық шығармалар. Ясауи хикметтерінде төмендегідей негізгі моральдық-этикалық принциптер айқын көрініс тапқан:

Шынайылық және адалдық. Қожа Ахмет Ясауи адамның ішкі ниеті мен сыртқы әрекеттерінің үйлесімділігін басты ұстаным ретінде қарастырады. Ол «Диуани Хикметте» екіжүзділіктен, жалғандықтан сақтануды ескертеді. Шынайылық – тұлғаның рухани тазалығы мен имани кемелденуінің негізгі көрсеткіші. Бұл сопылықтағы «ихлас» ұғымымен тығыз байланысты. Ясауи әділеттілік пен адалдықты ислам ахлақындағы негізгі ұстаным ретінде сипаттап, адамдарды әділдікке, туралыққа, өтірік пен қулық-сұмдықтан аулақ болуға шақырады. Мысалы, Диуани Хикметте ең көп айтылған құндылық адалдық құндылығы болды. Хикметтердегі адалдықтың құндылығы – шыншыл болу мен дұрыс әрекет етумен байланысты. Қожа Ахмет Ясауи өтірік айтудың жамандығынан шәкірттерін шындыққа жетелеуге тырысты. Ол бір хикметінде:

Хаққа ғашық болып айтты, Құл Қожа Ахмет,

Шын ниетпен естігенге жүз мың рахмет,

Дұға қылайын көрмесін ол бейнет, зақымет,

Есті болсаң бір сөзбенен ада қылдым [Кенжетаев, 2022: 177] деп, шын ниетпен, тыңдағандарға алғысын білдіреді. Және тағы бір хикметінде:

Адалдықпен қабыл қылса әркім мұны,

Ықыласымен болса, егер, түні-күні,

Жадыменен айналысса жылдар түні,

Жарандардан медет күтіп жүрмек керек [Кенжетаев, 2022: 223] деп шыншылдықты бірінші кезекке қояды.

Сабыр мен төзімділік. Сопылық ілімде сабырлылық (араб.: «сабр») адамның өзін-өзі бақылау қабілеті мен тағдырға мойынсұну қасиеті ретінде қарастырылады. Ясауи сабырды рухани кемелдікке жетудің басты шарты ретінде атап өтеді. Оның көзқарасы бойынша, кез келген қиындыққа төтеп беру – иманның беріктігі мен адамның рухани деңгейін айқындайтын маңызды фактор. Сабырсыздық пен шыдамсыздық адамның ішкі үйлесіміне және оның қоғамдағы орнына кері әсер етеді.

Рухани тазару және жан дүниені кемелдендіру. Ясауи ілімінде адамның өзін-өзі жетілдіруі нәпсіні тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Бұл процесс «тасфия ан-нафс» (нәпсіні тазарту) және «тазкия ан-нафс» (нәпсіні тәрбиелеу) ұғымдарымен түсіндіріледі. Хикметтерде адамның материалдық құмарлықтардан арылып, рухани деңгейге көтерілуі насихатталады. Бұл тұрғыда, Ясауи шәкірттеріне зухд (дүниеден безу) және риазат (өзін-өзі шектеу) принциптерін ұстануды үйретеді.

Қайырымдылық пен мейірімділік. Исламдық этикада «ихсан» (ізгілік жасау) және «садақа» (қайырымдылық) ұғымдары ерекше мәнге ие. Ясауи еңбектерінде әлеуметтік әділеттілікке, қоғамдағы әлсіздер мен мұқтаж жандарға көмектесуге баса назар аударылады. Ол кедейлерге жәрдем беруді, жетім-жесірлерге қамқор болуды адамның имани кемелдігінің айқын белгісі ретінде сипаттайды. Сопылық жолда мейірімділік – рухани тазалықтың және адамзаттық этиканың басты көрінісі болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі моральдық-этикалық қағидалар исламдық ахлақ пен түркілік мәдени құндылықтардың синтезі ретінде қарастырылады. Оның іліміндегі этикалық нормалар қазіргі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтпаған. Ясауидің рухани-дидактикалық өсиеттері адамның ішкі жан дүниесін кемелдендірумен қатар, оның қоғамдық өмірдегі орнын айқындайтын маңызды фактор болып табылады. Осы тұрғыда, Ясауи мұрасы – тек тарихи-мәдени жәдігер ғана емес, рухани құндылықтарды сақтауға және жаңғыртуға бағытталған мәңгілік ілім.

Тайқазан жазуларындағы Құран аяттарының этикалық мәні. Зерттеушілер тайқазанды Әмір Темірдің кезеңімен байланыстырып қарайды. Бұл өте орынды да, дұрыс көзқарас. Мұны жоққа шығару тарихи фактілерді бұрмалау және өте үлкен қателік болар еді. Қазанның Қожа Ахмет Ясауи қабіріне арнап жасалғаны нақты деректен, оның тұлғасындағы жазулардан айқындалады. Ал ғылыми зерттеулерде қазанның қойылу себептері Қожа Ахмет Ясауи қабіріне арнап жасалуымен шектеледі. Осы тайқазанның қойылу себебіне нақтылай тоқталу, оған негіз болар тарихи деректер жаңадан қазан туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Әлі де тайқазанның қойылу себебі, «тай» аталуы, оның тұлғасындағы белгілер, дәлірек айтқанда өрнектерінің мән-мағынасы, шығу, даму кезеңдері туралы мәселелер зерттеулерде қамтылмаған [Мұстапаева, 2008: 5].

Тайқазан – XIV ғасырдағы түркі-ислам мәдениетінің теңдессіз жәдігерлерінің бірі. 1399 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен шебер Әбділәзиз ибн Шарафуддин Тебризи құйған бұл қазан тек тұрмыстық зат қана емес, символдық мәні терең рухани-мәдени артефакт болып табылады. Тайқазан бетіндегі жазулар үш бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігінде кіріспе сөзбен басталатын Құран кәрімнің 9-сүресінен үзінді берілген, одан кейін Пайғамбар хадисімен жалғасқан, одан соң қазанды кім жасатқаны және жасалған жылы көрсетілген. Екінші белдеуді қазанның оң құлағы мен он өрнекті томпағы жиырма картушқа бөледі. Қатар орналасқан екі картушта шебердің өз аты жһні жаслған. Үшінші қатарда 22 рет қайталанған Құдайдың құдіреті жайлы ескерту жазылған. Оның сыртқы бетіне құйылып жазылған Құран аяты, хадис, құттықтау сөздер мен эпиграфикалық өрнектер исламдық этика мен моральдық құндылықтарды бейнелейді. Тайқазан жазуларының мазмұны Қожа Ахмет Ясауи ілімімен үйлесіп, түркілік сопылық дәстүрдегі аксологиялық, ахлақтық, әлеуметтік-этикалық ұстанымдарды айшықтайды. [Муминов, Қожа, Моллақанағатұлы, 2011: 126].

Осы жазулардың арасында Құрандағы 9-сүренің 19-аятынан үзінді берілген. Аяттың мәтіні:

الْحَرَامِ الْمَسْجِدِ وَعِمَارَةِ الْحَاجِّ سِقَايَةَ أَجْعَلْتُمْ

Оқылуы: Әжәғалтүм сиқаиатул хаажжи уа имаратил масжидил харами...

Мағынасы: Сендер, қажыларға су беру, Харам Мешітін жөндеуді « Аллаға, ақырет күніне иман келтіріп, және Алла жолында соғысқан кісі сияқты» көресіңдер ме? Бұдан түйетініміз Тайқазандағы осы аятты жазу мақсаттарының бірі Алла жолында үнемі күресіп жүру керек екендігін көрсетеді. Зияратшыларға су ұсынып шөлін қандыру әрине абзал ғибадаттардан болып саналады және Құдайдың үйі мешіттермен басқа да ғибадатханаларды, зиярат орындарын тазалап қызмет ету де сауапты істердің қатарында. Әмір Темірдің бұйрығымен жасалынып Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне сыйға тартылған тайқазанда мұндай жазудың орын алуы заңды. Өйткені осы жазудағы хабарлама арқылы Әмір Темір қоғамдық теңдікті сақтауға шақырғандығы түсінікті. Тек қана әулиені зиярат орындарға қызмет ету мен шектелмей сыртқы жауларға төтеп беретіндей дәрежеде дайын жүру керектігін ескерткен. Сонымен қатар туларды тайқазан айналасына қою дәстүріде осы ел қорғау, жер қорғау, ынтымақ бірлік мәселесіне қатысты болса керек.

Хадис: Пайғамбар ол кісіге сәлем болсын айтты: «Кімде-кім Алла тағала үшін су құятын ыдыс жасаса. Алла тағала жұмақта оған арнап хауыз дайындайды» [Муминов, Қожа, Моллақанағатұлы, 2011: 127]. Тайқазанның эпиграфикалық композициясында Құран аяты мен хадистың мазмұны төмендегідей негізгі моральдық-этикалық қағидаларды қамтиды: Бірлік пен ынтымақ. Тайқазан жазуларында исламдық құндылықтардың негізі болып саналатын бірлік, ынтымақ, қоғамдық келісім тақырыптары көрініс тапқан. Тайқазанның сопылық дәстүрдегі орны оның тек діни емес, сонымен қатар, әлеуметтік-саяси тұрақтылық пен халықтың рухани бірлігін қамтамасыз етудегі рөлін көрсетеді. Ризық пен адал еңбек. Тайқазан жазуларында адал еңбек, ризық-несібе, береке ұғымдары ерекше орын алады. Бұл қағидалар сопылық ілімде «касб халал» (адал еңбектену) ұстанымы арқылы сипатталады. Тайқазанның негізгі қызметі – халыққа ас-су

тарату болғандықтан, оның қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын бейнелеуі заңды. Адал ризықтың маңыздылығы, оны бөлісу мәдениеті – қоғамдағы теңдікті сақтау жолдарының бірі.

Тайқазан жазулары мен Ясауи хикметтерінің үндестігі. Тайқазандағы жазулар мен Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің этикалық-моральдық мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуінде де тазалық, адалдық, бірлік, мейірімділік, сабырлылық, ризықтың маңыздылығы сияқты ұғымдар басым. Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы ортақ ерекшеліктері: Рухани кемелдікке жету жолдары сипатталады. Адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Қоғамдық әділеттілік пен қайырымдылық насихатталады. Дүниеден безінбей, адал еңбек арқылы өмір сүру қажеттігі айтылады. Тайқазан – исламдық құндылықтар мен түркілік дәстүрлердің синтезін бейнелейтін ерекше жәдігер. Ондағы Құран аяты мен хадис моральдық-этикалық нормаларды дәріптеп, қоғамдағы рухани-әлеуметтік қатынастардың негізін айқындайды. Осы тұрғыда Тайқазан – тек тарихи артефакт қана емес, рухани-мәдени код пен исламдық ахлақ жүйесінің көрінісі болып табылады.

Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларының Наурыз мерекесімен сабақтастығы. Наурыз мейрамы – бірлік, татулық, рухани жаңару, жомарттық және қонақжайлылық сияқты құндылықтарды дәріштейтін ежелгі түркілік мереке. Бұл мерекенің мәні Ясауи хикметтеріндегі сопылық моральдық-этикалық ұстанымдармен және Тайқазан жазуларындағы құндылықтармен үйлеседі. Наурыз және қонақжайлылық – Наурызда үлкен дастарқан жайылып, қонақ күту дәстүрі сақталады. Тайқазан осы дастарқанның символы ретінде қызмет етіп, бірлік пен молшылықтың белгісі болған. Рухани жаңару мен тазалық – Наурыздың негізгі мәні – жаңа өмір бастау, рухани тазару. Бұл ұстаным Ясауи хикметтерінде нәпсіні тәрбиелеу мен рухани кемелдікке жету идеяларымен сәйкес келеді. Әлеуметтік әділеттілік пен қайырымдылық – Наурыз мейрамында тұрмысы төмен жандарға көмек көрсету, жетім-жесірлерге қолдау білдіру – негізгі дәстүрлердің бірі. Бұл принциптер Ясауи хикметтерінде де ерекше орын алған. Осылайша, Наурыз мейрамы – Ясауи мұрасы мен Тайқазан философиясының бүгінгі күндегі көрінісі деп айтуға болады.

Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларының қазіргі қоғамдағы маңызы. Бүгінгі таңда адамзаттың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі – рухани-адамгершілік дағдарыс. Қазіргі қоғамда әділеттілік, сабырлылық, қайырымдылық және шынайылық сияқты құндылықтардың маңызы зор. Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларының этикалық негіздері осы құндылықтарды жаңғыртуға ықпал етеді. Әлеуметтік әділеттілік – Қоғамдағы теңдік, адалдық, әділ басқару мәселелері Ясауи ілімінде ерекше орын алады. Отбасы мен жастар тәрбиесі – Қазіргі заманда жастардың рухани тәрбиесі маңызды. Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы адамгершілік қағидаларын насихаттау арқылы тәрбие жүйесін байытуға болады.

Этикалық білім беру – Ясауи ілімі мен Тайқазан жазуларын оқу арқылы білім беру бағдарламаларына рухани-адамгершілік тәрбиені енгізуге мүмкіндік бар. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазулары түркі-ислам өркениетінің моральдық-этикалық кодексін қалыптастыратын маңызды рухани мұралар болып табылады. Олардың сабақтастығы адамгершілік құндылықтар мен исламдық ахлақ нормаларын сақтауда және оларды қазіргі заманға бейімдеуде ерекше рөл атқарады. Наурыз мерекесі арқылы бұл ұстанымдар халық жадында сақталып, бүгінгі қоғамда өзектілігін жоғалтпай келеді. Осылайша, Ясауи мұрасы мен Тайқазан философиясы тарихи ғана емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыда да қазіргі заман үшін маңызды.

Қорытынды. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларында бейнеленген моральдық-этикалық қағидалар – түркі-ислам өркениетінің рухани-мәдени негізін қалыптастыратын маңызды құндылықтар жүйесі. Бұл мұралар ахлақ (мораль) философиясын, рухани кемелдену концепциясын және әлеуметтік этиканы біріктіре

отырып, әділеттілікке, сабырлыққа, мейірімділікке, рухани тазаруға үндейді. Ясауи сопылық дүниетанымындағы адамгершілік қағидалары мен Тайқазандағы Құран аяттары мен хадистерінің мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты, олардың сабақтастығы исламдық және түркілік этика нормаларының үндестігін көрсетеді.

Зерттеу барысында Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы негізгі моральдық-этикалық ұстанымдар айқындалып, олардың қоғамдық тәрбие, рухани жаңғыру, мәдени құндылықтардың сабақтастығы тұрғысынан маңыздылығы дәлелденді. Бұл мұралар тек тарихи жәдігер ғана емес, бүгінгі күнгі әлеуметтік этиканың, адамгершілік тәрбиенің, құндылықтар трансформациясының өзекті мәселелеріне жауап беретін рухани бағдар болып табылады.

Болашақ зерттеулерде Ясауи мұрасының педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік-философиялық аспектілерін кеңінен талдау маңызды. Әсіресе, Ясауи хикметтерінің қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбие құралдары ретіндегі рөлін зерттеу, сондай-ақ Тайқазан символикасының мәдени-идеялық мәнін тереңірек қарастыру қажет. Бұл бағыттар Ясауи мұрасын жаңаша зерделеуге және оның қазіргі қоғамдағы қолданылу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы./ Рәбиға Сыздықова. / Алматы: «Ел-шежіре», 2014. 436 б.

Құл Қожа Ахмет Ясауи. «Ясауи мәдениеті антологиясы» сериясы. Диуани Хикмет / Құл Қожа Ахмет Ясауи / баспаға дайындаған: *Кенжетев Д.Т.* Шымкент: South Print Corporation, 2022. 684 б.

Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті тайқазан. Ғылыми зерттеу. Алматы: Арыс, 2008. 200 б.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. Алматы: «Эффект», 2011. Мәтін жазғандар *Муминов Ә.Қ., Қожа М., Моллақанағатұлы С.* Үшінші басылым. Алматы: «Эффект», 2011. 208 б.

Алтай, 1991: <https://kuran.kz> келу күні: 04.02.2025

REFERENCES

Sızdıqova R. Yasawi «Xikmetteriniñ» tili. Köptomdıq şığarmalar jinağı./ Răbiğa Sızdıqova. / Almatı: «El-şejire», 2014. P. 436. (In Kazakh)

Qul Qoja Axmet Yasawi. «Yasawi mädenieti antologiyası» seriyası. Diwanı Xikmet / Qul Qoja Axmet Yasawi / baspağa dayındağan: *Kenjetaev D.T.* Şımkent: South Print Corporation, 2022. P. 684. (In Kazakh)

Mustapaeva D. Asıl mura – qasıetti tayqazan. Ğılımı zertteu. Almatı: Arıs, 2008. P. 200. (In Kazakh)

Qoja Axmet Yasawi kesenesi. Mavzoley Xodja Axmada Yasavi. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. Almatı: «Éffekt», 2011. Mätin jazğandar *Muminov Ä.Q., Qoja M., Mollaqanağatuli S.* Üşinşi basılım. Almatı: «Éffekt», 2011. P. 208. (In Kazakh)

Altay, 1991: <https://kuran.kz> kelw küni: 04.02.2025 (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Моллақанағат Әбубәкір Сайпуллаұлы – магистрант, ғылыми қызметкер, Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Әмір Темір 53А, (Түркістан қ., Қазақстан). <https://orcid.org/0000-0003-3218-1275>. E-mail: mollakanagat.as@gmail.com.

Сведения об авторе: Моллақанағат Абубакир Сайпуллаулы – магистрант, научный сотрудник, Национальный историко-культурный музей-заповедник "Әзірет Сұлтан", ул. Амир Темір 53А, (г. Туркестан, Казахстан). <https://orcid.org/0000-0003-3218-1275>. E-mail: mollakanagat.as@gmail.com.

Information about the author: Abubakir S. Mollakanagat – Master's student, Researcher, Aziret Sultan National Historical and Cultural Museum-Reserve, 53A Amir Temir St., (Turkistan, Kazakhstan). <https://orcid.org/0000-0003-3218-1275>. E-mail: mollakanagat.as@gmail.com.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.03.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.